

**«Шаттық» аралас түрдегі бебекжай Ж.М
Педагогикалық кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы**

«28»тамыз 2022жыл

**Катысқандар:15
Катыспағандар:0**

Пед кеңес төрайымы: С.Д.Жумабекова
Хатшы: Б.О.Арыстанбаева

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: Жаңартылған бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі.

Максаты: Жаңа оқу жылшының мазмұнымен таныстыру.

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі бекітіледі.

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылшындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынандай бағыттарды қамтиды:

- эр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инкюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және деңсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сұру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейнелеу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнетивтік дағдыларын қалыптастыру;
- отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизімге баулу;
- баланың мектепке окуға физикалық, психологиялық, эмоцияналдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тен бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;

- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру көнеші ҰІӘ-ді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады;

1. Дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
2. Жұзу (жұзу бассейні болған кезде);
3. Сөйлеуді дамыту;
4. Көркем әдебиет;
5. Саят ашу негіздері;
6. Қазақ тілі (окыту басқа тілде жүргізілетін топтар);
7. Сенсорика;
8. Математика негіздері;
9. Құрастыру;
10. Қоршаған ортамен таныстыру;
11. Сурет салу;
12. Мұсіндеу;
13. Жапсыру;
14. Музыка;

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген Ұ.І.Ә берілді.

ҰІӘ-мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының үлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-

әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қагидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (онын, қымыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, енбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді менгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиелінушілердың ауызекі салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітап оқып беру, оқылған тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тактикарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрыш ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және тағы басқа мүмкіндік беріледі.

Тиімді ұсыныс

- кітап бұрышын жасау;
- толықтыруға ата-аналарды тарту;
- кітапты уақытша пайдалануға үйге беру;
- ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту.

Жас кезеңдері мынадай:

- 1) бебек жасы -0(жана туған балалар)
- 2) жастағы балалар
- 3) мектепке дейінгі жас 3-5 жастағы балалар;

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылышынң басында жақталады;

-ерте жас тобы-1жастагы балалар;

-кіші топ-2жастагы балалар;

-ортаңғы топ-3 жастагы балалар;

-ересек топ-4 жастагы балалар;

Мектеп алды топ, мектептегі (лицейдегі гимназиядагы)

Мад сыйып-5жастагы балалар.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта –бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне ,оның дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетімен үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану.

Дамытушы орта мыналарды;

-Ұлгілік бағ-ң міндеттерін іске асыруды;

-Инкюзивті білім беруді ұйымдастыруда оған қажетті жағдайлар жасауды;

-Білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді;

-Балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс.

Заттың-кеңістіктік дам-шы өрт қойылатын талаптар

-Қауіпсіз

-Кол жетімді

-Әр түрлі

-Мазмұнды

-Өзгермелі

-Тартымды

-Көп атқарымды

Тәрбиелеу-білім беру процесі;

-перспективалық жоспар

-циклограмма

-бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады. Тәрбиешілерге 2022-2023жылғы біршама өзгерістер айтылып, таныстырылып, қаралды.

2)Күн тәртібіндегі келесі мәселе; Бөбекжай қызметкерлерін ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен, міндеттерімен, нұсқаулықтармен таныстыру.

Бұл мәселе бойынша бөбекжай әдіскері сөз алып әр қызметкерді жұмыстарының міндеттерімен, ережелерімен, нұсқаулықтарымен жеке-жеке таныстырып өтті. Сонымен қатар қауіпсіздік шараларына да көніл бөлулерін баса айтты. Ең басты мақсат тәрбиелінушілердің денсаулығы мен қауіпсіздік екенін ескертті.

3) Келесі мәселе КРБФМ 2020 жылғы 14 мамыр №202 бұйрығына сәйкес, КРБФМ 2021 жылғы 29 қантардағы №41 69 бұйрығына сәйкес, КРБФМ 2016 жылғы 27 қантардағы №83 69 бұйрығымен бекітілген аттестациядан өткізу қағидалары мен шарттары жалпы ерекшеліктерімен және №514 бұйрық бойынша аттестациядан өту үшін жарамды байқаулар тізімімен таныстыру.

2022-2023 оку жылында аттестациядан өтетін пед қызметкерлер тізімі бойынша пед қызметкерлерге аттестаттап өту бұйрықтарымен, қағидаларымен шарттарымен таныстырылды. Соның ішінде портфолияға жарамды марапаттар мадақтамалар диплом сапалары жайлы айттылды. Келешек үрпақтың сапалығы баланың әлеуметтік ортамен арасынан балабақша саналатындықтан тәрбиешілеріміз білімді, білікті маман болуы шарт.

4) Келесі мәселе бойынша, ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дағдыларын арттыру «Баяндама»

Бұл мәселе бойынша бөбекжай тәрбиешісі А.Ф.Жұмабек баяндама оқыды. Баяндамада ертегі балалар танымын, қиялын, ойын, сөздік қорын сонымен қатар көпшілік алдында еркіндікке, ашықтыққа тәрбиелейтінін айтты. Ертегі тындаи соны қайта айттып берген балада шыдамдылық есте сақтау қабілеті ойының ұшқырлығы дамытатын қоса айттылады. Қиялы ұшқыр ойы мығым шыдамдылығы шындалған үрпақ Қазақстан мемлекетінің арманшыл мақсаты нақты азamatша болып тәрбиеленеді.

5) Келесі ағымдағы мәселе бөбекжай ішілік атқарылып жатқан мәселелер, жұмыстар бойынша қаралды

Шешім:

- 1 ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулы 2022-2023 әдістемелік нұсқаулық хатының ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс атқарылсын.
- 2 Атестациядан өтетін пед қызымеркерлер №514 бүйрық яғни атестациядан өту үшін жиналатын мараппаттар байқаулар сапрасына мән берсін, жұмыс жасалсын.
- 3 Әр топ жас ерекшелігіне қарай кітапхана бүрышын жабдықтап ертеңі терапиясына көңіл бөлінсін.
- 4 Ағымдағы мәселелер шешімі табылсын.

Пед кеңес төрдайымы:

Хатшы:



С.Д.Жумабекова

Б.О.Арыстанбаева

«Шаттық» аралас тұрдегі бобекжай Ж.М

№ 2 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

«16»қараша 2022жыл

Қатысқандар:15

Қатыснағандар:0

Пед кеңес төрайымы: С.Д.Жумабекова

Хатшы: Б.О.Арыстанбаева

Күн тәртібінде

1.№1 пед кеңес шешімінің орындалуы

2.Такырыптық бақылау қорытындысы күн тәртібінде сауықтыру іс шараларының сапасы

3.Балалардың өмірімен деңсаулығы туралы талдау шынықтыру шараларының ұйымдастыруының барысы туралы мәлімет

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша менгеруші С.Жумабекова сөз сейледі.Педагогикалық кеңестің шешімін орындау жоспарын жүргізіліп жатыр.Оку жылының жылдық міндеттемесі,жылдық жоспары жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізілсін.

Жас топтарына сәйкес құрылған оку жоспары,күн тәртібі,оку қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді.

Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет қыркүйек,қантар және мамыр айында жүргізілсін. Индикатор жүргізу барысында дидактикалық материалдар құралдар қолданылсын.

Аттесттатау комисиясының құрамы аттесттатау комисиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын деп шешім қабылданған болатын.Осыған байланысты қандай жұмыстар атқарылды.

1. Пед кеңестің шешімі толықтай орындалдыма деп сұрақ қойды.Бұл сұраққа балабақша әдіскері жауап берді

Әдіскер Н.Шалабаева жылдық жоспардың негізінде қыркүйек, қазан айларына айлық жоспарлау құрылышп бала бақша қызметкерлері сол жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілді.

Жылдық жоспарға ата-аналарға кеңес,тәрбиешілерге арналған семинар,отбасылық эстафеталық жарыстар,балалар жұмысына корме,№1 өндірістік отырыс,топтық және ата-аналар жиналышы,әдістемелік отырыс өткізілді.Күнделікті аурудың алдын алу шараларын жүргізу,балалардың

серуенде ұзак уақыт болуын қадағалау,сузгі жүргізу,балабақша қызметкекрлері және ата-аналар арасында санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу,топтардағы ауа режимін ұйымдастыруын қадағалау.Баланың далада таза ауада қабылдау тыныс алу жаттығуларын ұйқыдан кейінгі жаттығуды ұйымдастыру,мәдени гигиеналық машықтарды қалыптастыру,серуен кезінде қимылды ойындарды ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Шешім:

№1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелсін.

Тындалды:

Екінші мәселе бойынша әдіскер Н.Шалабаева бақылау қорытындысын айтты.Қараша айында айлық жоспарға сәйкес күн тәртібіндегі сауықтыру іс шаралары баланың денсаулығын күшету;жыл күз мезгілі болғандықтан балабақшадағы сауықтыру іс шараларының сапасын бақылаған болатынбыз.Бақылауға менгеруші,әдіскер,медбике қатысып топтардағы күн тәртібінің орындалу жұмыстарына қанағаттандырлық деген баға койылды.Тәрбиешілерге баланың денсаулығына аса зор көніл бөлуге таңертеңгі қабылдаудан таңғы жаттығу,таңғы ас,түскі ас,серуен,серуендеңгі қимылды ойындар,ұйқыдан кейінгі қимылды жаттығулар күнделікті орындалуына көніл бөлу сұранды.

Шешім:

Баланың өмірін қорғау, денсаулығын нығайту,организмін шынықтыру күн тәртібіндегі сауықтыру іс шаралары жалғасын тапсын

Тындалды:

Медбике Л.Раймова шынықтыру шараларын ұйымдастыру турали педагогтерге мәлімет берді.Күз мезгіліндегі балалардың денсаулығы жүқпалы аурулар турали айтып одан сақтану шараларын түсіндірді.

Шешім:

Балалардың денсаулығын сақтау таңертеңгі қабылдауда мұқият болуды тапсырды.

Пед.кеңес төрайымы:

Хатшы :



С.Д.Жумабекова

Н.Т.Шалабаева

«Шаттық» аралас түрдегі бобекжай Ж.М

№ 3 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Каңтар 2023 жыл

Қатысқандар:15

Қатыспағандар:0

Пед кеңес төрайымы: С.Д.Жумабекова
Хатшы: Б.О.Арыстанбаева

Күн тәртібінде

1.№ 2 пед кеңестің шешімінің орындалуы

2.Ата-анамен жұмыс:Жанұя мен балабақша арасындағы байланыстың қалыптасуы,патриоттық тәрбие.

3.Баланың даму деңгейінің көрсеткіші

Тындалды:

Бірінші міселе бойынша менгеруші С.Д.Жумабекова сөз алды.Педагогикалық кеңестің шешімін орындау жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр.

Қараша айындағы айлық жоспарға сәйкес күн тәртібіндегі сауықтыру іс шаралары өз уақытында орындалып жатыр.Жыл күз мезгілі болғандықтар тәрбиешілер таңтеренгі қабылдауды баланың денсаулығына аса зор көніл бөлуде.Таңғы жаттығу,таңғы ас,түскі ас,серуен,серуендеңі қимылды ойындар,үйқыдан кейінгі жаттығулардың барлығы өз уақытында орындалып жатыр.

Шешім:

№2 Педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

Тындалды:

Екінші мәселе бойынша бөбекжай тәрбиешісі Абдижалирова Кәмшат сөз алды.Ол ата -аналармен жүргізілген жұмыстарын айта отырып «Жанұя мен балабақша арасындағы байланыстың қалыптасуы ,патриоттық тәрбие»атты баяндамасын оқып өтті.Баяндаманың негізгі мақсаты ата-аналармен бірлесіп отырып баланың тұлғасын дамытуға бірынғай білім беру кеңістігін дамыту,қалыптастыру,отбасымен бірігіп баланың өмірін қорғау,балага

қарым-қатынас мәдениетін таныстыруға ықпал жасау болып табылады, деп өз сөзін қорытындылады.

Шешім: Тәрбиешілермен ата-аналар арасында тығыз байланыс орнатып, ата-аналар мен бірлескен жұмыстар жүргізілсін.

Тыңдалым:

Келесі мәселеде әдіскер баланың даму деңгейінің көрсеткішіне тоқталды. Индикатор жүргізбес бұрын тәрбиешілер мен бірігіп отырып Казақстан Республикасы. Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыз №499 бұйрығымен бекітілген Қ.Р оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандагы №422 бұйрығына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын негізінде ала отырып 5 білім саласы бойынша оқу бағдарламасы негізінде индикатор көрсеткіштері жүргізілді. Бөбекжайға бұрыннан келіп жүрген балалардың даму деңгейі тұрақты жаңадан келіп жүрген балаларға мониторингтер жүргізілуде.

Денсаулық таным шығармашылық әлеумет коммуникация

Шешім: Баланың даму деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген индикатор қорытындысын негізінде барлық топ балаларымен 5 білім беру саласы бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін. Баланың жеке даму траекториясының болжамын жасау парагын негізге ала отырып әр баламен жеке жұмыс жүргізілсін. Жаупты барлық топ тәрбиешілері.

Пед.кенес төрайымы:

Хатшы:



С.Д.Жұмабекова


Н.Т.Шалабаева

«Шаттық» аралас тұрдегі бобекжай Ж.М

№ 4 Педагогикалық кенес отырысының хаттамасы

Наурыз 2023

**Катысқандар:15
Катыспағандар:0**

Пед кенес төрайымы: С.Д.Жумабекова
Хатшы: Б.О.Арыстанбаева

Күн тәртібінде

1. №3 Пед кенес шешімінің орындалуы
2. Оқыту тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиеті пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін қарым қатаңас мәдениетін дамыту
3. Балаларға арналған әдебиеттер және балалардың ой қиялдарынан күрастырылған өртегі кітаптар көрмесі.

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша менгеруші С.Жумабекова сөз алды. Педагогикалық кенестің шешімін орындау жоспарлы тұрде жүргізіліп жатыр. Бірінші мәселе бойынша баланың даму деңгейін анықтап жеке көңіл бөлуді қажет ететін құзіреттіліктермен жеке жұмыс жасауды қажет ететін балаларды анықтап жеке даму картасын толтыра отырып әр топ тәрбиешілері жұмыс жасауда тәрбиешілер ата-аналармен әр түрлі әдіс тәсілдер арқылы жұмыс жасауда» сауалнама, сұрақ жауап, кенес, әр түрлі тапсырмалар орындалып жатыр

Тындалды:

Екінші мәселе бойынша әдіскер Шалабаева Н сөз алды. Қазақ халқы ауыз әдебиеті үлгілерінің баланың ой өрісін тілін дамыту маңызы мен тәрбиелік мәні халықтың ой саралау, соғандау ерекшелігіне талпындырып ізгілік қасиеттерін бойына сіңірудің қайнар көзі екендігіне танылады. Ауыз әдебиеті үлгілерінің педагогикалық мүмкіндіктерін анықтайды. Ойын өлеңдер баланың тілін ширатып байқампаздыққа, тапқырлыққа, ептілікке, білсенділікке, зеректікке тәрбиелейді. Санамақтар баланың сөздік қорын нығайтып, сөйлеуге, санауға, сан атауларын ретін білдіруге үйретеді. Жаңылтпаштар айттылуы қыйын жеке дыбыстармен сөздерді дұрыс айттуға сөз мағынасын ажырата алуға мұдірмей шапшаң сөйлеуге үйретеді. Тіл мүкістігін түзетуге, сөйлеу мәнеріне жаттықтыруға

септігін тигізеді. Жұмбактар баланың ойлау қабілетін шындаиды. Макал мәтелдер баланың дүние танымын арттырады, ойын жинақтауға, шешен сөйлеуге тәрбиелейді. Ертегілер балалардың сөздік қорын молайтып жақсылықпен жамандықты айыра білуге үйретеді.

Тыңдалды:

Тәрбиешілер балаларға арналған әдебиеттер және ой құралдарынан құрастырылған ертегі кітаптарынан көрме ұйымдастырыды.

Шешім:

Тәрбиешілер балаларға арналған әдебиеттер және ой құралдарынан құрастырылған ертегі кітаптарынан көрме ұйымдастырган көрмелер қанағаттанарлық деп есептелсін.

Пед.көңес төраймы:

Хатшы



С.Д.Жумабекова

Н.Т.Шалабаева

«Шаттық» аралас түрдегі бобекжай Ж.М

№ 5 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Мамыр 2023

Пед кеңес төрайымы: С.Д.Жумабекова
Хатшы: Б.О.Арыстанбаева

Қатысқандар:15
Қатыспағандар:0

Күн тәртібінде

- 1.№4 пед кеңес шешімнің орындалуы.
- 2.Қорытынды мониторинг.
Оқу процесінің жылдық қорытындысы.
- 3.Пән мұғалімдері,педагогтардың жылдық есептері.
Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын талқылау.
Ағымдағы мәселелер.

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша менгеруші С.Жумабекова сөз алды.Педагогикалық кеңестің шешімін орындау жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр.Бірінші мәселе бойынша әр топ тәрбиешілері жас ерекшеліктеріне қарай халық ауыз әдебиеті жаттыгуларын пайдалана отырып балалардың тілін дамыту жұмыстарын жүргізуде.

Тындалды:

Екінші мәселе бойынша әдіскер Н.Шалабаева сөз алды.Балалардың білім жүйесінің тексерілуі өткізіліп,индикаторлық мониторинг өткізілді.Қорытынды мониторинг балалардың оқу жылы ішінде жүргізілген бастапқы және аралық мониторингтеріне қарап негізделіп өткізіледі.жалпы алғанда,балалардың қорытындысы,жыл бойы алған білімдерінің негізі болып қорытындыланады.

«Денсаулық» «Таным» «Коммуникация» «Шығармашылық» «Әлеуметтік»

3.Жаздық іс шараларының жоспарына талдау жасалды.Онда кітапханаға,зоопаркке,дендропаркке, балалардың танымын кеңейтетін үйымдарға қыдыру,бару жайлы талқыланды.Тәрбиешілермен ой бөлісу болды.Жаздық сауықтыру жоспарын бекіту.Тәрбиешілердің іс жоспар ,яғни жазғы сауықтыру іс жоспарларын бекітілді.

Ағымдағы мәселелер:балабақшаның тазалығы,балалардың тазалығы,балалардың балабақшага келу,кетуі және төлемақысын уақытылы төленсін.

Пед.кеңес төрайымы:

Хатшы:



С.Д.Жумабекова
Н.Т.Шалабаева